

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитетінің қаулысымен бекітілді.
Хаттама № 4, 2-т., 2025 жылғы «25» ақпан.

Кәсіподақ қызметкерінің этикасы (әдебі) туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Кәсіподақ қызметкерінің этикасы (әдебі) туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – Кәсіподақ) Жарғысына және Кәсіподақтың басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген, ережелер мен принциптер жиынтығынан тұрады.

1.2. Ереже – кәсіподақ қызметкерлерінің мінез-құлқының негізгі нормалары мен принциптерін реттейтін, кәсіподақ органдарының қызметінде адалдықты, әділдікті және ашықтықты қамтамасыз етуге, кәсіподақ мүшелерінің сеніміне жетуге, жұмысшылардың құқықтарын қорғау институты ретінде кәсіподақтың беделін нығайтуға қызмет ететін құжат болып табылады.

1.3. Этика (әдеп) туралы ереже сайланбалы қызметкерлерге, кәсіподақ органдары аппаратының қызметкерлеріне, олардың лауазымына қарамастан қолданылады.

1.4. Ереже кәсіподақ қызметкерінің кәсіби, адамгершілік және этикалық (әдептік) мінез-құлқының негізгі нормаларын белгілейді және жалпыадами нормалар мен мінез-құлық ережелеріне негізделеді және кәсіподақ қызметкерінің кәсібилігін бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

1.5. Кәсіподақ қызметкері этикасының (әдебінің) негізгі принциптері:

- кәсіби құзыреттілік;
- адалдық пен әдептілік;
- әділдік пен міндеттілік;
- өз сезімдері мен эмоциясын басқара білу;
- кәсіподақ мүшелерімен, әріптестермен, жоғарғы орган басшыларымен, әлеуметтік әріптестермен және өзге де тұлғалармен өзара қарым-қатынас барысында әдептілік және сыпайылық таныту.

2. ЕРЕЖЕ МАҚСАТЫ

2.1. Осы Ережені енгізу мақсаты:

- кәсіподақ қызметкерлеріне дұрыс шешім қабылдауға, кәсіподақ мүшелерімен, әлеуметтік әріптестермен және басқа да тұлғалармен тиімді

қарым-қатынас жасауға, мүмкін болатын жанжалдардың алдын алуға көмектесетін адамгершілік және кәсіби бағдарлар жүйесін құру;

- Кәсіподақта сенім, өзара құрмет және ізгілік атмосферасын сақтау үшін этикалық (әдептік) іс-әрекеттің жоғары стандарттарына негізделген біртұтас корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;

- кәсіподақ қызметкерлерінің кәсіби этика (әдеп) нормаларын түсінуін және орындауын қамтамасыз ету;

- этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелерін сақтау арқылы жүзеге асыру арқылы мемлекеттік органдардың, әлеуметтік әріптестердің, педагогикалық және ғылыми қауымдастықтардың Кәсіподаққа деген сенімін арттыру.

3. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ ЭТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ НОРМАЛАРЫ

3.1. Кәсіподақ қызметкері:

- заңдылық принциптерін қатаң сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұлжытпай орындауға;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін және Кәсіподақтың корпоративтік символикаларын құрметтеуге;

- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді, барлық халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге;

- кәсіптік одақтар қызметінің негізгі принциптеріне адал және берік болуға, Кәсіподақ Жарғысының нормалары мен ережелерін және ішкі кәсіподақ тәртібін қатаң сақтауға;

- кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, принциптерге бағынуға, кез келген заң бұзушылықтарға жол бермеуге;

- салалық кәсіподақ пен Қазақстандық кәсіподақ қозғалысының мүшелік ұйымдарының, кәсіподақ органдары мен ұйымдарының ынтымағы мен бірлігін нығайтуға жан-жақты ықпал ету;

- кәсіптік одақтардың қызметіне зиян келтіруі мүмкін әрекеттерге жол бермеу;

- мүшелік ұйымдардың, кәсіподақ органдары мен ұйымдардың, Салалық кәсіподақ және Қазақстандық кәсіподақ қозғалысының бірлігін нығайтуға белсенді қатысуға;

- Кәсіподақ Жарғысының нормаларына сәйкес қабылданған кәсіподақ органдарының шешімдерін дәйекті түрде жүзеге асыруға, өз іс-әрекеттерімен кәсіптік одақтардың беделін нығайтуға;

- Кәсіподақ мүшелерінен өтініштерді, шағымдарды және арыздарды қабылдау кезінде бюрократия мен қағазбастылыққа жол бермеуге, оларда көтерілген мәселелерді белгіленген мерзімде шешуге шаралар қабылдауға;

- еңбек тәртібін сақтауға, функционалдық міндеттерін адал атқаруға, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;

- Кәсіподақ мүлкіне ұқыптылықпен қарауға, оны ұтымды және тиімді пайдалануға;
- әріптестеріне қолдау және көмек көрсетуге, олардың пікіріне мұқият болуға;
- мүдделер қақтығысының туындауы мүмкін жағдайларды болдырмауға;
- басқа қызметкерлерге қатысты субъективті мәлімдеме жасамауға, басқа қызметкерлердің әрекетіне жеке баға бермеуге;
- құпиялылық нормаларын бұзбай және Кәсіподақтың ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, сенімді ақпаратты уақтылы ұсынуға;
- кәсіподақ органының лауазымды тұлғаларының рұқсатынсыз немесе тікелей нұсқауынсыз ұйым атынан кез келген тақырыпта көпшілік алдында сөз сөйлеуге, мәлімдеме жасауға немесе сұхбат беруге жол бермеуге;
- бұқаралық ақпарат құралдарында немесе көпшілік іс-шараларда сөз сөйлегенде кезде дұрыстықты сақтау, арандатушы мәлімдемелерден аулақ болуға, қарсыластардың пікірін құрметтеуге;
- кәсіподақ жұмысын пайдакүнемдік немесе басқа да жеке мақсаттарда пайдаланбауы (кәсіби қызметті орындауға байланысты сыйлықтар алу немесе өзге де қызметтер қабылдамау);
- кәсіподақ органдарында позитивті моральдық-психологиялық жағдайды, достық және ұжымдық жұмысты құруға ықпал ету;
- туыстық және жерлестік, жеке адалдық белгілері бойынша кадрларды кәсіподақ жұмысына қабылдауға жол бермеуге;
- қарамағындағыларға қатысты дөрекілікке, адамның қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздікке жол бермеуге;
- кәсіподақ органдары басшыларының атына әдепсіз сөздер айтуға жол бермеу;
- жүріс-тұрысында қарапайымдылық танытуға, адамдармен қарым-қатынаста өркөкіректіктен аулақ болуға, жұмыс уақытында киінудің іскерлік стилін сақтауға;
- адамдармен қарым-қатынаста гуманизм мен өзара сыйластық танытуға;
- шыншыл және әділ болуға;
- Қазақстан халықтарының достығы мен бірлігін және ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, ұлтаралық алауыздықты тудыратын әрекеттер мен мәлімдемелерге жол бермеуге;
- басқа кәсіподақ қызметкерлері тарапынан кәсіподақ қызметкерлерінің этика (әдеп) нормалары мен принциптерін бұзудың жолын кесуге;
- қызметкерлермен және кәсіптік одақтардың қатардағы мүшелерімен қарым-қатынас кезінде қарапайымдылық танытуға, тәкаппарлыққа жол бермеуге;
- адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін олардың әлеуметтік, лауазымдық жағдайына, нәсіліне, дінге деген көзқарасына қарамастан құрметтеуге міндетті.

4. Кәсіподақ қызметкерлерінің осы Ережені сақтауы олардың қызметтік парызы болып табылады.

5. Осы Ереженің талаптарын орындамау Кәсіподақ Жарғысында көзделген тәртіптік шараларға немесе кәсіподақтық жазаға әкеп соғады.